

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ



Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізуге арналған

ҰЛТТЫҚ БІЛІКТІЛІК ТЕСТІЛЕУ

1614 – НҰСҚА

Аты-жөні _____

ТЖК _____ Жауап парағының № _____

Лек _____ Аудитория № _____ Орын № _____

1-БЛОК: Технология (ұл балаларға арналған)

2-БЛОК: Педагогика, оқыту әдістемесі

Тестіленушінің қолы _____



Назар аударыңыз!

1. Сұрақ-кітапшасы 100 тапсырмадан тұрады.
 - 1-БЛОК пәндік білім бойынша 70 тапсырма, оның ішінде:
 - бес жауаптың біреуі дұрыс - 50 тапсырма;
 - бірнеше жауаптың ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар - 10 тапсырма;
 - бес жауаптан бір дұрыс жауабы таңдалатын - 10 мәнмәтіндік тапсырма (2 мәнмәтінде 5 тапсырмадан).
 - 2-БЛОК педагогика және оқыту әдістемесі бойынша 30 тапсырма (бес жауап нұсқасынан біреуі дұрыс).
2. Тестілеуге берілетін уақыт – 3 сағат 20 минут (200 минут), ал математика, физика, химия, информатика пәндері бойынша тестіленетін педагог қызметкерлер үшін – 3 сағат 50 минут (230 минут).
3. Жауап беруді кез келген блоктан бастауға болады.
4. Таңдаған жауабыңызды жауап парағындағы блокқа сәйкес сектордағы тиісті дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеңіз.
5. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ-кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
6. Жауап парағында көрсетілген секторды мұқият толтырыңыз.
7. Тестілеу біткен соң, сұрақ-кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

Тестілеу кезінде рұқсат берілмейді:

- аудиториядан уәкілетті тұлғаның рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;
- орын ауыстыруға, сөйлесуге;
- емтихан материалдарын ауыстыруға, көшіруге, аудиториядан алып шығуға;
- тыйым салынған заттарды (оқулықтарды және басқа да әдістемелік әдебиеттерді, сандық смарт-құралдарды), сонымен қатар тест мазмұнын және олардың дұрыс жауаптар кодын ашатын мәліметтерді аудиторияға кіргізуге және пайдалануға;
- емтихан материалдарын (сұрақ-кітапшаларымен жауап парақтарын) мыжу, беттерін жырту, корректор сұйықтықтарын қолдану, қарастырылмаған секторларды бояу (жауап парағының нөмерін) арқылы жарамсыз етуді жүзеге асыруға.

ЕСКЕРТУ:

Егер тестілеу уақытында тестіленушіден шпаргалкалар, оқулықтар және басқа да әдістемелік әдебиеттер мен сандық смарт-құралдар табылған жағдайда, Министрлік өкілі, аудитория кезекшісі және тестіленушінің қатысуымен *«Аудиторияда тыйым салынған заттың табылуы және тәртіп сақтау ережесін бұзған педагог қызметкерді аудиториядан шығару туралы»* акті толтырылады. Министрлік өкілінің шешімімен тестіленуші аудиториядан шығарылады және тест нәтижесі жойылады.

Тестіленуші тестілеуге берілген уақыт аяқталған кезде емтихан материалдарын өткізуден бас тартқан жағдайда оның жұмысы өңделмейді.

Тестілеу нәтижелерін Ұлттық тестілеу орталығының сайты www.testcenter.kz арқылы көруге болады.

1-БЛОК: Технология (ұл балаларға арналған)

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Өсімдік өсіруге арналған топырақтың топталу саны
A) 5
B) 3
C) 6
D) 2
E) 4

2. Сүргі ағаш жаңқасымен бітеліп қалған кезде қалай тазалау керек
A) қашаумен
B) темірмен
C) қолмен
D) арнайы дайындалған ағаш сынамен
E) үрлеп

3. Білдекте жұмыс істеу кезінде тиым салынатын іс
A) ою-өрнектер түсіруге
B) өңдеуді жұлқымай байсалды қимылмен жүргізуге
C) құм қағазбен тазалауға
D) ағашты жонуға
E) өлшеуге, тазалауға, үрлеуге

4. Слесарлық балғаның сабының ұзындығы неше мм кем болмау керек.
A) 250-300 мм.
B) 450-500 мм.
C) 300-400 мм.
D) 100-150 мм.
E) 200-250 мм.

5. Сүргілеу кезінде оң аяқ сол аяққа қарай қанша градуста орналасу керек
A) 80-90
B) 65-80
C) 70-80
D) 45-50
E) 40-50

1614 - нұсқа

6. Темір қайшымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі

- A) Матамен ұстау
- B) Қолғап киіп істеу
- C) Көзге көзілдірік кию
- D) Екі оқушы ұстау
- E) Қос қолдап ұстау

7. Қабатына қарай бөлінетін материал

- A) Фанера
- B) ОЕЗБ
- C) ДВП
- D) ДСП
- E) Комотекс

8. Ағаш кескінділерінің бес түрі берілген, дұрыс емес біреуін табыңыз.

- A) Дөңбектер
- B) Шанақ
- C) Стропила
- D) Шпал
- E) Тақтай

9. Фуганокті қандай ағаштарды сүргілеуге қолданады

- A) Дөрекі өңдеу үшін және ақырғы таза сүргілеу
- B) Ұзын бөлшектерді ақырғы таза сүргілеу және дөрекі өңдеу
- C) Ұзын бөлшектерді ақырғы таза сүргілеу және кәдуілгі сүргілеу
- D) Дөрекі өңдеу үшін және ақырғы таза сүргілеу
- E) Қысқа бөлшектерді ақырғы таза сүргілеу және кәдуілгі сүргілеу

10. Ағаш өңдейтін білдек маркасы

- A) ТВ 6.
- B) СТД 210.
- C) НГФ 110.
- D) СТД 120М.
- E) НС 12.

11. Ағаш материалдарының дымқылдығы қанша пайыз болған кезде берік желімделеді

- A) 6-8 %
- B) 5-7%
- C) 2-4%
- D) 8-10 %
- E) 10-12%

1614 - нұсқа

12. Ағашты көркемдеп оятын құрал

- A) Шапа шот
- B) Пышақ
- C) Әр түрлі жүзді қашау
- D) Балта
- E) Жалпақ қашау

13. Ағаш жону белдігінің маркасын көрсет

- A) ТАС-120
- B) ТВ-300
- C) СТД-120м
- D) ТВ-7
- E) ТСД-20

14. Сүргі пышағы табанынан шығып тұру мөлшері

- A) 0,5- 0,8
- B) 0,2- 0,7
- C) 0,1- 0,3
- D) 0,9- 0,2
- E) 0,8- 0,3

15. Үлкен беттерді сүргілегенде қолданатын сүргінің атауы

- A) шеръхебель
- B) фуганок
- C) шет өңдеу сүргісі
- D) қос пышақты сүргі
- E) дара пышақты сүргі

16. Тақтайдың максималдық қалыңдық мүмкіншілігі

- A) 130 мм
- B) 120 мм
- C) 135 мм
- D) 95 мм
- E) 100 мм

17. Шығармашылық жоба ретінде, әр оқушының мұғалім көмегімен орындайтын жұмыс түрі

- A) бақылау жұмысы
- B) сынақхат
- C) сарамандық және сызба жұмыстары
- D) зерттеу жұмысы
- E) мәнжазба

1614 - нұсқа

18. Металл не себепті тоттанады

- A) Суықтан
- B) Беріктігінен
- C) Ылғалдан
- D) Ыстықтан
- E) Аяздан

19. Сүректі алғаш дөрекі өңдеу үшін пайдаланылатын сүргі

- A) шерхебель
- B) дара пышақты
- C) қос пышақты
- D) фуганок
- E) шаппа шот

20. Қаттылықты күшейтетін және қорытпаның икемділігін төмендететін термиялық өңдеу процесінің атауы

- A) шынықтыру
- B) нормальдау
- C) салқындату
- D) қыздыру
- E) босандату

21. Металл қасиеттері

- A) физикалық, химиялық
- B) тоттану, химиялық
- C) физикалық, химиялық, механикалық
- D) механикалық, физикалық
- E) қаттылық, серпінділік

22. Термиялық өңдеудің негізгі түрі.

- A) Жекелеу
- B) Босандату
- C) Алшақтау
- D) Көбейту
- E) Ығыстыру

23. Металды тығыздау, шыңдау, шыңдалу процестері өңдеудің қай түріне жатады

- A) Металды созу
- B) Металды престеу
- C) Металды штамптау
- D) Металды соғу, суару
- E) Металды илемдеу

1614 - нұсқа

24. Металдың түсін қалай анықтайды

- A) Сындыру арқылы
- B) Дәнекерлеу арқылы
- C) Суға салу арқылы
- D) Балқыту арқылы
- E) Жаңа кесілген металдан

25. Пышақтың сегменттерін жасағанда қолданатын материал

- A) сұрыпталған болат
- B) қоспалы болат
- C) шойын
- D) көміртекті болат
- E) сұр болат

26. Күмісті қарайту тәсілі

- A) күкірт қосады
- B) қыздырады
- C) бояулармен
- D) майға қайнатады
- E) суға салады

27. Металдың ішіне басқа қаттырақ дененің енуіне қарсылық жасау қабілеті

- A) Беріктік
- B) Созылғыштық
- C) Сығылымдық
- D) Қаттылық
- E) Серпімділік

28. Болатты нормальдау кезінде қанша градусқа дейін қыздырады

- A) 70° C-қа
- B) GSE сызығынан жоғары 50° - 70° C-қа дейін
- C) GSE сызығынан төмен
- D) GSE сызығынан жоғары
- E) 50° C-қа

29. «Жағлан» - қандай зат салатын сандықтың көне түрі

- A) Тамақ
- B) Киім-кешек
- C) Ыдыс-аяқ
- D) Ақша жинайтын
- E) Сәндік бұйымдар

1614 - нұсқа

30. 1959 жылы Шу бойында табылған кебеженің ортасындаға өрнек
- A) Күмістелген төрт дөңгелек гүл
 - B) Үлкен иірімді дөңгелек жұлдыз
 - C) Үлкен иірімді дөңгелек гүл
 - D) Үлкен дөңгелек жұлдыз
 - E) Үлкен дөңгелек гүл
31. Қазақ зергерлері сүйек өңдеуде қандай малдың сүйектерін жиі қолданған
- A) Жылқы, қой
 - B) Сиыр, жылқы
 - C) Қой, ешкі
 - D) Түйе, жылқы
 - E) Сиыр
32. Б. Сарыбаев Шертердің бастырылған ежелгі нұсқасын тапқан жыл
- A) 1861
 - B) 1862
 - C) 1863
 - D) 1865
 - E) 1866
33. Шертердің түрін жетілдіріп жасаған және оркестрлерге қосқан
- A) Д. Шокпарұлы
 - B) Б. Байқадамов
 - C) Б. Сарыбаев
 - D) Б. Залесский
 - E) Ә. Марғұлан
34. Орта ғасырда белгілі болған домбыраның мойны шанағынан ____ есе ұзын болған
- A) 2-есе
 - B) 1-есе
 - C) тең болған
 - D) 3-есе
 - E) кем болған
35. Мамандық таңдау кезінде жіберілетін қателіктің бірі
- A) газеттерде толық мәлімет болмауы
 - B) мектептерде толық мәлімет болмауы
 - C) ақпараттық құралдар жөнінде мәлімет болмауы
 - D) толық мәлімет болмауы
 - E) оқу орындарында толық мәлімет болмауы

1614 - нұсқа

36. Е.Климов кәсіби ортаны бөлген типтердің саны

- A) 5-типке
- B) 3-типке
- C) 6-типке
- D) 4-типке
- E) 7-типке

37. Ең қарапайым электр тізбегі неше элементтен тұрады

- A) 3 элементтен
- B) 2 элементтен
- C) 1 элементтен
- D) 4 элементтен
- E) 5 элементтен

38. Пәтер электр жабдықтарының түрі.

- A) Индикатор
- B) Бағдар шам
- C) Отвертка
- D) Электр санауыш
- E) ЭПО-3

39. Электр монтаждау жұмыс орын кезінде қима ауданы

- A) 12-12мм²
- B) 15-15мм²
- C) 10-10мм²
- D) 5-8мм²
- E) 20-20мм²

40. Дәнекерлеу әдісінің кең қолданылу себебі- дәнекерлеу кезінде металдарды шамалы ғана қыздырады, қасиеттері сақталатын

- A) синхрондық
- B) айналыс жиілігі
- C) айнымалы ток
- D) физикалық, механикалық
- E) магниттік ағынды

41. Электр еденсүрткіштен жарты сағат ішінде қанша М²-ге дейін еденнің бетін сүртеді.

- A) 100м²
- B) 40м²
- C) 50м²
- D) 30м²
- E) 70м²

1614 - нұсқа

42. Синхрондық ротор айналысының жылдамдығы мен магниттің ағын айналысының жылдамдығы ____

- A) әр түрлі
- B) бірдей емес
- C) бірдей
- D) қарама қарсы
- E) тұрақты

43. Электр желісінің ең қарапайым түрі неше элементтен тұрады

- A) 2
- B) 5
- C) 4
- D) 6
- E) 3

44. Адам өміріне қауіпті электр қуаты

- A) 6 в
- B) 127 в
- C) 36 в
- D) 9 в
- E) 12 в

45. Қолдарды оқшаулау үшін

- A) аяққа етік кию
- B) аяққа резеңке етік кию
- C) қолды орау керек
- D) бас киім кию
- E) қолға қолғап кию

46. Электрпісіру аппаратымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік шарасы

- A) Аппараттың пісіретін бөлігін тексеріп алу
- B) Трансформатордың жұмыс істеуін, ток өткізгіш талшықтарының жерлендірілуін тексеру
- C) Желдеткіш жүйесін іске қосу
- D) Резеңке қолғап кию
- E) Арнайы киімдерді кию

47. Егер зардап шегушіге дәрігерді тез шақыруға мүмкіндік болмаған жағдайда істейтін міндет

- A) су беру
- B) үйге тез жеткізу
- C) жерге жатқызу
- D) жерге отырғызу
- E) емдеу мекемесіне жеткізу

1614 - нұсқа

48. Электр сымдары машина өтетін тұста қанша биіктікте болуы керек

- A) 4,5
- B) 6
- C) 5
- D) 3
- E) 2,5

49. Пәтер электр жабдықтарының аспаптары

- A) биметалл тіліктен
- B) ажыратқыш
- C) электр санағыш, электр розетка (ұяшық), сақтандырғыш, ажыратқыш
- D) сақтандырғыш
- E) розетка

50. Электр қоңыраудың негізгі бөлігі

- A) электромагнит
- B) электр тоғы
- C) өзекше
- D) электрлі схема
- E) сымды катушка

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Аспалы ысырма дестедегі пішенді немесе сабанды шөмелелеуге маялауға тасымалдауға арналған агрегаттың маркасын көрсет

- A) КПВ-3
- B) КСП-2,1
- C) ПК-1,6А
- D) ВНШ-3,0
- E) КФН-2,1
- F) КПС-4,0

52. Бір мезгілде бірнеше жұмысты орындайтын ауыл шаруашылық агрегаттың атауы

- A) қопсытқыш агрегат
- B) отырғызғыш агрегат
- C) суарғыш агрегат
- D) қарапайым агрегат
- E) илеуіш агрегат
- F) кешенді агрегат

53. Шпиндельге бекітілетін құрылғылар

- A) ұшаша
- B) ұршы
- C) планшайба
- D) патрон
- E) тірек

54. Инкрустация түрлері

- A) мүсіндеу
- B) күйдіру
- C) пирография
- D) өрнек салу
- E) өнді инфрациясы
- F) баспақтау

55. Механикалық берілістер

- A) Тісті
- B) Белдікті
- C) Төрткілдегішті
- D) Шпиндельді
- E) Бұрамалы

56. Егеумен металл дайындаманың жұқа қабатын алу процесінің аталуы

- A) кернеу
- B) жөндеу
- C) аралау
- D) жону
- E) егеу
- F) қайрау

57. Судың сапалығын жақсартудағы қолданылатын негізгі әдістер

- A) зарарсыздандыру, озондау, қайнату
- B) залалсыздандыру
- C) судың мөлдірленуі
- D) судың мөлдірлігінің артуы
- E) тұнбалау, фильтрлеу
- F) қышқылдану, қорлану, түссіздену

58. Экологиялық үйдің негізгі бөліктері

- A) үйдің қылтимасы (балкон)
- B) баспалдақ
- C) биоботаникалық бағыт
- D) үйдің қорапшасы
- E) шатыр төбесі
- F) жылыту, вентиляция

59. Жатын бөлмеге арналған өсімдіктер

- A) Лавр
- B) Таңқурай
- C) Бегония
- D) Алоэ
- E) Спатифиллум
- F) Гүлді орамжапырақ

60. Интерьер дегеніміз

- A) функционалдық аумақ
- B) боялау
- C) ұқыптылық
- D) тазалық
- E) әсемдік, үйлесімдік
- F) композициясы

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Материалдар - машина тетіктерін, механизмін, ғимараттарды және басқа технологиялық объектілерді дайындауда қолданады. Құрылымдық материалдар материал табиғатына, технологиялық қолданылуына және жұмыс жағдайына қарай жіктеледі.

61. Жұмыс жағдайына қарай құрылымдық материалдарды жылу ұстағыш, жылуға төзімді, арнаулы материалдар деп бөлінеді. Құрылымдық материалдың тағы бір түрі

- A) жылу өткізгіш
- B) тозуға төзімді
- C) баспаланған
- D) жылуға төзімсіз
- E) тозуға төзімсіз

62. Алюминий қорытпаларының өңделінуі

- A) қысым және құйма
- B) илемдеу және құйма
- C) білдек және құйма
- D) жылу және құйма
- E) жоңғылау және құйма

63. Композициялық материалдар химиялық біртекті компонентермен едәуір үйлесімдік табады. Композициялық материал түрін көрсетіңіз

- A) карбоволокнит
- B) шынықыш
- C) резеңке
- D) пластмасса
- E) шойын

64. Материалдарды табиғатына қарай 3 түрге бөлінеді.

металдық;

металл еместер.

Металдардың үшінші түрін көрсетіңіз

- A) композициялық
- B) деформациялық
- C) пісірілетіндік
- D) пластмассалық
- E) иілімділік

1614 - нұсқа

65. Материалдарды технологиялық қолданылуына қарай: пішіні өзгерген, пісірілетін, қақталатын және тағы бір түрге бөлінеді

- A) шынықтырылған
- B) пресстелген
- C) қорттылған
- D) суытылған
- E) құйылған

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Домбыра — қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі. Музыкалық аспаптардың құрылыс ерекшеліктеріне көңіл аударайық.

66. Домбыраның мойыны шанағынан ұзын келеді де, тұтас ағаштан шабылады, ал мойнының ұзындығы болады _____ .

- A) 280 мм
- B) 320 мм
- C) 360 мм
- D) 340 мм
- E) 300 мм

67. Ертеде домбыраны көбінесе шайыры аз _____ ағашынан жасаған

- A) емен
- B) қарағай
- C) үйіңкі
- D) қайың
- E) жөке

68. Жас талапкерге арналған кішкентай домбыраны біз _____ дейміз.

- A) шіңкілдек
- B) балашық
- C) қуыс мойын
- D) балдырған
- E) кең шанақты

69. Жалпы домбыралардың құрылысы бірдей. Ал жас талапкерге арналған кішкентай домбыраның шанақ бөлшегінің өлшемі _____ болады.

- A) 240 мм
- B) 280 мм
- C) 300 мм
- D) 290 мм
- E) 260 мм

1614 - нұсқа

70. Жас талапкерге арналған кішкентай домбыраның жалпы ұзындығы

A) 640 мм

B) 610 мм

C) 700 мм

D) 670 мм

E) 580 мм

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Педагогика, оқыту әдістемесі

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Тәрбиенің мақсаты
 - A) сүйіспеншілікті дамыту
 - B) жеке адам бойындағы мінез-құлық
 - C) жеке тұлғаны жан-жақты дамыту
 - D) ақыл-ой тәрбиесі
 - E) адамдарға құрмет сезімін дамыту

2. Ойын – тәрбиенің қай бөлімінің негізгі құралы
 - A) еңбек
 - B) экология
 - C) дене
 - D) ақыл-ой
 - E) эстетика

3. Этикалық әңгіме
 - A) үйрету
 - B) пікірталастар
 - C) оқушылардың бойындағы белгілі қасиеттерді тәрбиелеу жоспарлы түрде өткізіледі
 - D) конкурстар
 - E) дәрістер

4. Тәрбие процесіндегі субъективті факторлар
 - A) саналы іс-әрекетке жұмылдыру
 - B) тұлғаның ішкі қажеттіліктерін білдіріп, тұлға қалыптасып, өмір сүретін объективті жағдай
 - C) тұрмыстық іс-әрекетті үйрету процесі
 - D) арнайы ұйымдастырылған тәрбие қызметі
 - E) сыртқы тәрбиелік орта

5. Оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру түрлерін, әдістерін, оқытудың мақсаты мен заңдылықтарына сай анықтайтын қағидалар жүйесі
 - A) дидактика заңдылықтары
 - B) оқыту әдістері
 - C) оқыту ережесі
 - D) оқыту міндеттері
 - E) дидактикалық принциптер

1614 - нұсқа

6. Бейнелеу көрнекілігіне жатады

- A) диапозитивтер
- B) минералдар
- C) диаграмма
- D) макет
- E) өсімдіктер

7. Әрқайсында анықталған тапсырмаларды шешетін әртүрлі және қайталанатын істердің көмегімен оқушылардың оқу іс-әрекетін басқару әдісі

- A) мадақтау
- B) сендіру
- C) жазалау
- D) жаттығу
- E) қайта оқу

8. Оқу сабақтарының стандартсыз формалары

- A) меңгеру сабағы
- B) аралас сабақ
- C) сабақ-конференция, панарама-сабақ, интеграцияланған сабақ
- D) бақылау жұмысы
- E) бекіту сабағы

9. Сабақты психологиялық талдау – бұл

- A) мектепшілік мониторинг
- B) мұғалімнің проактивті-рефлексивті іс-әрекеті
- C) танымдық ізденіс
- D) мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті
- E) педагогикалық шеберлік

10. Сабақ жоспарының соңғы кезеңі

- A) оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау
- B) сабақты қорытындылау
- C) сабақты талдау
- D) оқушыларға нұсқаулар айту
- E) үй тапсырмасын беру

11. Зерттеу тәжірибелеріне сүйене отырып, педагогикалық жаңалықтардың мынадай критерийлер жиынтығын анықтауға болады

- A) тұжырымдамалық кәсіби
- B) шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі, диагностикалық
- C) дәстүрлі және тұжырымдамалы
- D) дәстүрлі, бұқаралық тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі
- E) жаңашылдық, оптималдық, жоғары нәтижелілік, тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі

12. Инновациялық білім беру үрдісінің негізінде педагогиканың басты мәселесі

- A) педагогикалық тәжірибені тарату және пайдалану
- B) жинақтау үрдісінің ұзақтығы және өткен уақытқа тәуелділігі
- C) педагогикалық тәжірибені зерттеу және психология мен педагогика ғылымының жетістіктерін тәжірибеге жеткізу
- D) белгілі бір тұжырымдарға сәйкес келу және белгілі бір жағдайларға бейімделген
- E) жаңалықтарға кіретін мәселелердің сапасы және қолдану мүмкіндігі

13. Сабақты жоспарлау және оны өткізу технологияларын дайындаудың бірінші бөлігі

- A) арнайы дәптерге сабақ жоспарын белгілі бір түрде жазып алу
- B) сабақ мақсатын, оның әрбір қадамын терең ойластыру
- C) жоспарланған сабаққа материал жинақтау
- D) балалардың мүмкіншіліктерін анықтау
- E) сабаққа қажетті құралдарды анықтау

14. Жеке тәжірибенің дамуы, басқалар жасаған тәжірибені және ғылыми басылымдарды меңгеру, қателер мен сынақтар әдісі, эксперимент

- A) мектепті жаңарту жолдары
- B) тұлғаны тәрбиелеу әдістері
- C) мектеп пен отбасының ынтымақтастығы
- D) мектептің әдістемелік бірлестігі
- E) ұжымдық әрекет түрлері

15. Оқушының сын тұрғысынан ойлауындағы «дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыруын» көрсететін ерекшелігі

- A) жүйелілік
- B) өзіндік сана-сезім
- C) өзіндік тәртіп
- D) пайым
- E) ұтымдылық

16. Дарынды және талантты оқушылардың білімін жетілдіру бойынша қызметтің бірінші кезеңі (Ренцулли мен Райс)

- A) жалпы зерттеу жаттығулар
- B) жеке оқу жаттығулары
- C) нақты мәселелерді шағын топта зерттеу
- D) нақты проблемаларды жеке зерттеу
- E) топтық оқу жаттығулары

1614 - нұсқа

17. Сыныпта талқылау кезінде өз сөзін дәйектеудің әңгіме-дебат түрі
- A) ұсыныстар сын тұрғысынан ойлау арқылы жалғасады
 - B) оқушылардың үлесі сындарлыққа негізделеді
 - C) ұсыныстар жайында күмән туып, қарсы дау айтылады
 - D) басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды
 - E) оқушылар бір-бірінің үлесін сынамайды
18. «Көпіршелер» деп саналу үшін оқыту мен оқуда қарастырылатын жағдайдың бірі
- A) оқушыға басқаның қолдауынсыз өз бетінше орындай алатын тапсырма ғана ұсыну
 - B) сыныпта берілген тапсырманы орындау жауапкершілігін топ мүшелеріне жүктеу
 - C) оқушының басқамен қарым-қатынас орнатуына бірқатар мүмкіндіктің болуы
 - D) оқушылардың өзіндік құзыреттілігінің төменгі деңгейіне қол жеткізуіне қанағаттану
 - E) оқушыларға өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға мүмкіндік беру
19. Блум таксономиясына сәйкес жаңа үлгіде әртүрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпаратты жүйелеу деңгейі
- A) бағалау
 - B) жинақтау
 - C) түсіну
 - D) қолдану
 - E) талдау
20. Есте сақтайтын ақпаратты танымал жерлермен байланыстырып елестетуге негізделген әдіс
- A) алып шығу әдісі
 - B) жаттау әдісі
 - C) тестілеу әдісі
 - D) орын әдісі
 - E) нақтылау әдісі
21. Оқушының жауабын алғаннан кейін де кідіріс жасау қажеттілігі
- A) тапсырмаға қатысты сыныптас құрбыларынан көмек сұрай алады
 - B) оқушы жауабын бағалау парағына тіркеп алуға мүмкіндік алады
 - C) басқа оқушылардың жауаптарымен өз жауабын салыстыра алады
 - D) мағынаны күшейту үшін жауапты сөзбе-сөз қайталай алады
 - E) оқушы өз жауабын түзетуге, нақтылауға мүмкіндік алады

22. Талдау, жинақтау деңгейіндегі тапсырмаларға бағытталған сұрақ

- A) сынақтан өткізу
- B) қайта бағыттау
- C) түрткі болу
- D) жоғары дәрежелі
- E) төмен дәрежелі

23. АКТ қолдануда «көрсету» оқыту аспектісін қолданудың мысалы

- A) оқу және талқылау мақсатында оқушылардың жұмыстарды алмастыруы
- B) тәсілді немесе дәйектілікті дамытуы
- C) тест тапсырмаларын құрастыру және сараптауы
- D) жорамалдарды растау, тексеру үшін деректерді жинауы
- E) өмірдегі шынайы оқиғалардың үлгілерін оқушыларға беруі

24. Сандық технологияны пайдалана отырып, мәліметтердің орналасқан жерін анықтап, оны түсіну, бағалау қабілеті

- A) ақпараттық сауаттылық
- B) пәндік сауаттылық
- C) функционалдық сауаттылық
- D) педагогикалық сауаттылық
- E) математикалық сауаттылық

25. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауының негізгі ерекшеліктерінің бірі «сыңаржақтылықтың болмауына» сәйкес келетін сипаттама

- A) болжамдардың субъективті екенін сезіну
- B) дәлелдердің деңгейін, маңызын мойындау
- C) тиянақты, нақты және жан-жақты болу
- D) өзге идеяларды қабылдауға ашық болу
- E) эмоцияға емес, себепке негізделу

26. Бағалау мақсатында жүргізілген қадағалау нәтижелерінің интерпретациясы

- A) оқушының тапсырманы орындауын бақылау
- B) оқытудың келесі кезеңдерін жоспарлау
- C) оқушыларға қосымша тапсырмалар тарату
- D) алынған мәліметтердің мәнін анықтау
- E) жазбаша тест жұмыстарын құрастыру

27. Жаңа оқулықтың пәнді оқытудағы тиімділігін тәжірибе жүзінде сынақтан өткізудегі бағалау мақсаты

- A) уәж түріндегі кері байланыс
- B) бағдарлама мазмұнын бақылау
- C) болжау және сұрыптау
- D) оқудағы қиындықтарды анықтау
- E) стандартты бақылау және орындау

1614 - нұсқа

28. Бұл өлшемге тән оқушыларда «қызығушылықты арттыру үшін қиынырақ ойын мен тапсырмаларға ұмтылу» байқалады

- A) мәселені шешу
- B) есте сақтау және білім
- C) өз білімін жетілдіру
- D) күрделілікке деген сүйіспеншілік
- E) ерте символдық белсенділік

29. Сабақты зерттеуді жүзеге асыратын педагогтар

- A) ата-аналардың оқыту нәтижесіне ықпалын зерттейді
- B) халықаралық зерттеуге қатысады
- C) оқытудың жаңа тәсілін модельдейді
- D) мектептегі бар тәжірибені жинақтайды
- E) «Оқушы үні» жобасын жүзеге асырады

30. Сабақты зерттеу тобы зерттеу сабағынан кейін жүргізілетін талқылау құрылымына сай бірінші қарастырылады

- A) зерттеу сабағының барысы
- B) сыныптың тұтастай оқуы
- C) «бақыланатын» оқушылардың оқуы
- D) оқыту үдерісі
- E) сабақты жоспарлау үдерісі

2-БЛОК бойынша тест аяқталды.